

«Күншуақ» бөбекжай – бакшасы» МКҚК

(көшірме)

Хаттама №3

Күні: 25.01.2024 ж

Қатысушылар саны- 11

Комиссия төрайымы: Аханова А.Ж - 6 топ ата-ана

Комиссия хатшысы : Ахмедова Б.Т

Комиссия мүшелері:

Аудандық мұғалжар газетінің тілшісі: Кесікқұл Н.І.

Ардагер ұстаз: Убайдуллина Г.З.

Катимова Г.С - 1 топ ата-ана

Лиманова Д.М.-5 топ ата-ана

Турганова А.Ж. -10-топ ата-ана

Исайкина В.И. -12 топ ата-ана

Искакова А.М.- 8-топ ата-ана

Калиева Г.Ж. жеке кәсіпкер

Менгеруші – Ж.А.Курманова

Күн тәртібі:

1.2023-2024 оқу жылында I жарты жылдықта атқарылған жұмыстар бойынша балабақша менгерушісінің есебі.

2.Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасаудың нәтижелері.

3.Мекеменің материалдық – техникалық базасын нығайтуға, қамқоршылық кеңестің ұсынысы және қолдау бағыттары, демеушілік жолдарын қарастыру.

Тыңдалды:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Ж.Ахалова қамқоршылық кеңес отырысын ашық деп жариялап, кеңес отырысында қаралатын мәселемен таныстырды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз сөйлеушілерге сөз кезегін берді.

I мәселе бойынша балабақша менгерушісі Ж.А.Курманова сөз алып, қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің отырысының күн тәртібіндегі регламентін, балабақшадағы күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуын бақылау жұмыстарына тоқталып, кезекті түсіндірме жұмыстарымен таныстырды.

«Күншуақ» бөбекжай-бакшасының МКҚК шілде айының 11-нен бастап күрделі жөндеу жұмысына жабылғандығы, сондықтан 2023 жылы толыққанды өткізілген іс – шараларын көрсеткенді жөн көріп, әрі қарай I жарты жылдық жұмыстарымен жалғастыру 2023 жылдың қаңтар- желтоқсан аралығында өткізілген іс шаралары: «Өрт тілсіз жау», «Өрт қауіпсіздігі» атты апталықтар, «Балалардың тілін заманауи жаңа технологиялар арқылы дамыту» тақырыбында аудандық семинар- практикум, «Жақсылық жасап жарысайық» атты қайырымдылық акциясы, жас мамандардың арасында ұйымдастырылған «Үлдік тәрбиеші-2023»,

«Сәбилері сүйкімді топ» атты Мұғалжар аудандық газетінің ұйымдастырылған байқауына «Еркетай» кішкентайлар тобы қатысып, «Қиялы жүйрік топ» номинациясын қанжылап, балаларға ойыншықтар сыйға тарту етті.

«Ашық есік айлығы», «Қиял ғажайып ертегі», «Қызықты тәжірбиелер» атты ата-аналардың қатысуымен өткен іс –шара,

«Үздік жас маман-2023»,

«Спорттық интеллектуалдық ойындар»,

«Би калейдоскоп-2023» аудандық байқауына және «Біз бақытты елдің балаларымыз» аймақтық фестиваль аясында өткізілген «Ертегілер еліне саяхат» қатысып жүлделі орындар иелендік,

«Қош бол балабақша» ертеңгілігі

балабақшамыздың қорытынды педагогикалық кеңесі «Квест» ойыны түрінде өткізіліп, «Тәбиғатты аялау, көгалды алқаптарды кеңейту» атты шараға балабақша педагогтары мен ата-аналар өз үлесін қосты. «1маусым балаларды қорғау күні» атты апталығы және де жаз мезгілі апталықтары түрліше ұйымдастырылып, «Әкем, анам және мен» спорттық жанұямыз шаралары өткізілді.

Аудандық тамыз конференциясында өз іс тәжірибелерімен бөлісіп

балабақшамыздың педагогтары Мажарова Г.И облыстық білім басқармасы басшысы Ж.Сұлтаннның, Г.С Сарсенова Мұғалжар ауданының білім бөлімі басшысы Б.К Аманжолдың грамотасымен марапатталды.

Камқоршылық кеңестің қолдауымен Ауган соғысының ардагерлері қоғамының төрағасы Минжасаров Мұрат Абилгазиевич қоғам ардагерлері атынан

балабақшамыздың атауын неонды жазуын сыйға тартты. Мұғалжар аудандық кәсіподақ ұйымынан Н.Ж Боранбаева «Мерке» шипажайына сертификат

табысталды. Б.Т Ахмедова туристік саяхатқа жолдама алып жақсы демалыс өткізді.

Жыл қорытындысында педагог А.Т Абдыкова «Жыл тәрбиешісі - 2023» аудандық байқауында «Бас жүлде» иегері атанды.

II мәселе бойынша балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасауын нәтижелері бойынша балабақша асханасы мен қоймадағы азық-түліктің сақталу ережелерін бақылап, балаларға дайындалған астың құрамымен таныстырып, бақылау жасау барысында топтардағы балабақша тәрбиеленушілерінің тамақтануын бақылау жасауда.

Балабақшамызда тамақ түрін өзгертіп, дәруменді әрі бала ағзасына пайдалы азық-түліктермен жасакталады. Баланың үйлесімді дамуы және зат алмасуы қалыпты жүруі үшін тамақтың құрамында организмді энергиямен толықтырушы қажетті элементтер болып саналатын әртүрлі дәрумендер, май, белоктардың жеткілікті болғанына назар аударылады. Ас мәзірін әзірлегенде ұннан, тарыдан, көкөністен істелетін тағамдардың үйлесіп келуіне мән беріледі. Бала тағамының құрамында сүттен даярланатын тағамдар ретімен таныстырылды.

- тамақты тек сапалы өнімдерден әзірленеді;
- тамақты даярлау технологиясы сақталады;
- тез бұзылатын және даяр тамақты дұрыс сақтау мерзімі қатаң бақыланады;
- арнайы ас бөлмесінің ыдыстарының болуы;
- гигиеналық талаптар қатаң сақталады;
- ас бөлмесі үнемі таза ұсталады.

Балабақша менеджерісі камқоршы кеңсе мүшелеріне кәсіпкеріміз «ИП Айбосынов Күлмет» балабақшаны азық-түлікпен камтамсыз етіп отырғандығы және балабақша қоймасында азық-түліктің сақталу ретімен, ас бөлмесінде астың дайындалу ретін бақылауға шақырды. Асханадағы құрал-жабдықтың орналасуынан бастап, барлық

технологиялық процестердің бірізділігі мен агымдылығын, шикі және пайдалануға дайын тамақ өнімдерінің жанасу мүмкіндігін және балабақшаның перспективалық аз мәзірі жоспарына сәйкес болуын бақылап, шикізат және тұтынуға дайын тамақ өнімдері үшін бөлек технологиялық және тоназытқыш жабдығы, өндірістік үстелдер және ас үй ыдысы толық тексерілді. Сонымен қатар тамақтану өнімдерін дайындау үшін пайдаланылатын азық-түлік шикізаттың, тамақ өнімдерінің ілеспе құжаттамасымен, сондай –ақ қауіпсіздікті растайтын сәйкестікті бағалау туралы құжаттармен танысты.

III мәселе бойынша меңгеруші Ж.А Курманова:

- Балабақшаның материалдық -техникалық базасын нығайтуда бұрын атқарылған жұмыстарын атап өтті. Ауданымыздың кәсіпкерлері «ИП Алгазин» Бауыржан деген азамат музыка аспабын, «ИП Айбосынов Қанат» 2 шаңсорғыш, «ИП Айттымбетов» Ғалым Еділбайұлы музыка залына балаларға арналған аспаптар үшін сөрелі сыйға тарту етті. Балабақшамыздың жиһаздарын жаңарту мақсатында аудан әкіміне, аудандық білім бөлімі басшысы атына хат жолдап сұраныс жолданды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Т Турганова:

- Бүгінгі меңгерушінің есебі тыңдалып, балабақша тынысымен танысып, кеңіліміз жайланып отыр. Топтарды аралау барысында менде аппақ болып жарқыраған топтарда істен шыққан керуеттерді, ескі сөрелерді көріп, осы отырысты пайдалана отырып мүшелеріне айтатыным, қамқоршылық кеңестің тарапынан аудан әкіміне біздің тарапымыздан хат жолдап, қабылдауына баруды ұсынамын. Қамқоршы кеңесінің төрайымы және кеңес мүшелері бір ауыздан қолдап, белсенділік танытатындарымен бөлісті.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылында I жарты жылдықта атқарылған жұмыстар бойынша балабақша меңгерушісінің есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын. Даму жоспары бойынша жұмыстары жақсарып тапсын.
2. Балабақшалардағы тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасаудың нәтижелері бойынша «қанағаттанарлық» деп танылып, азық-түлік сапасын тексеру қатаң бақылауға алынсын.
3. Мекеменің материалдық – техникалық базасын нығайтуға қамқоршылық кеңестің ұсынысы мақұлданып, демеушілік жолдарын қарастыру жұмыстары жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:	А.Ж.Аханова
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:	Г.С.Катимова
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:	Д.М.Лиманова
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:	А.Т.Турганова
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:	Н.І. Кесікқұл
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:	В.И.Исайкина
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:	А.М. Искакова
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:	Г.З.Убайдуллина
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:	Г.Ж.Калиева

Қамқоршы кеңес мүшелері отырысы

